



"БЕКІТЕМІН"

Коркыт Ата атындағы Қызылора
университетінің Басқарма төрағасы-
ректоры ф.ғ.к.

Б.С.Каримова

"XII" 20 ж.

**Мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау (аудит) бойынша БСКДҚА сараптама тобының
ескертулерін жою және ұсынымдарын орындау жөніндегі түзету іс-шараларының жоспары
6M010200 (7M01303)– Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ**

№	Анықталған сәйкессіздіктер (ескертулер), ұсынымдар	Түзету іс-шаралары (ТШ)	Орындау мерзімі	ТШ орындауға жауапты	Орындалуы туралы белгі (күні, ТШ үшін жауапты адамның қолы)	Ескертпелер
1	2	3	4	5	6	7
Стандарт 1.						
1	Жетілдіруге ұсынылатын бағыттар: "6M010200 (6M01303) Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»- мамандығы бойынша ББ сапа саласындағы саясатты қалыптастыру мен қолдауға сыртқы мүдделі тараптардың неғұрлым белсенді қатысуын қамтамасыз	«6M010200(7M01303) - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ сапа бағытындағы саясатын қалыптастыру және қолдау бойынша қызығушылық танытқан сыртқы жақтардың неғұрлым белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда қаласындағы №7 мектеп-лицейі жанынан кафедра филиалы ашылды. Осы мектептің педагог-зерттеушісі, оқу орнының түлегі, тәжірибелі бастауыш сынып мұғалімі Төлепбаева Гүлмира Әбдіғапбарқызы кафедраның сағаттық қоры есебінен «Әдебиеттік оқу әдістемесі» пәнінен 4 курс студенттеріне дәріс береді. (Қосымша№1)	Жыл сайын	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

<p>еткен жөн - «6M010200(7M01303) - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша БББ жетілдіру үшін білім беру қызметі саласын кеңейту мақсатында жаңа модульдік траекториялар жасау.</p>	<p>Жұмыс берушілердің, түлектердің, практик мамандардың пікірлерін саралай келе, 6M010200(7M01303) - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша БББ жетілдіру үшін білім беру қызметі саласын кеңейту мақсатында педагог-зерттеуші, педагог-менеджер, педагог-модератор сияқты жаңа модульдік траекториялар жасау жоспарланып отыр.</p>				
Стандарт 2					
<p>2 Жетілдіру бағыттары:- ОПҚ мен білім алушылардың шет тілдерін меңгеру деңгейін көтеру.</p> <p>Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін жақын және алыс шетелдердегі серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу.</p>	<p>Бүгінгі күннің инновацияларына бейімделуге және уақтылы әрекет етуге қабілетті, жаңа заман талабына сай, шет тілін меңгерген маманды дайындау негізгі талаптың бірі болып табылады. Аталған талапқа сай 6B01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім бағдарламасы бойынша көптілді оқу тобы (ПМНО-19-1 п/я) ашылды. Көптілді оқу тобына сабақ беретін кафедра оқытушылары ағылшын тілінде арнайы (міндетті және таңдау) пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірледі. (Қосымша №2)</p> <p>Кафедра оқытушылары Scopus, ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters базаларының журналдарына ағылшын тілінде бірнеше мақалалар жариялауда. Нәтижесінде кафедра доценті, п.ғ.к. М.К.Жайлауова және п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Ж.А.Абилхаированың Скопус базасында Хирш индекстері бар. (Қосымша №3)</p> <p>Ағылшын тілінде оқу-әдістемелік материалдар қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді.</p>	<p>Жыл бойы</p>	<p>Халықаралық байланыстар және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі, Кафедра меңгерушісі, ЖОО кейінгі білім бөлімі</p>		

		<p>2018-2019 оқу жылында Қорқыт Ата атындағы ҚУ Шахмардан Есенов қорымен бірлесіп оқытушыларға және білім алушыларға ағылшын тілін оқыту курсын ұйымдастырды, оқу аяқталған соң үздік оқытушыларға және білім алушыларға IELTS тестін тапсыруға мүмкіндік берілді. Курста Ұлыбританияның Bonas MacFarlane Education тіл орталығынан оқытушылар келіп, сабақ берді. Курсқа қатысқан кафедра қауымдастырылған профессоры м.а., п.ғ.к. Абилхайрова Ж.А. нәтижесінде IELTS тестін тапсырды. (Қосымша №4)</p> <p>Білім алушыларды тілдік даярлау белсенді жүргізілді, профессор оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жүзеге асырылды. Кафедраның бірқатар оқытушылары (Ерназарова Г.Ш., Мамедалиева Б.А., Байболова Д., т.б.) Coursera (Курсера) онлайн-ресурсының сертификатына ие болды.</p> <p>Академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында кафедрада ҚР БҒМ-ң шетелдік ғалымдарды дәрістер оқып, университеттің оқытушылары мен білім алушыларына консультациялар өткізу үшін шақыру туралы бағдарламасы бойынша Ресейден Орынбор мемлекеттік университеті Н.А.Каргапольцева, Болгариядан Д.Д.Димова т.б. жетекші ғалымдар шақырылды. 6М010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім алушыларына Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономика университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Наталья Юрьевна Фоминых 13.05.-19.05.2019ж. аралығында «Педагогический</p>				
--	--	---	--	--	--	--

		<p>дизайн информационной образовательной среды» тақырыбы бойынша 36 сағат дәріс оқыды. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру бойынша 2019 жылы кафедра қауымдастырылған профессоры м.а., п.ғ.к. Ж.А.Абилхаирова Түркия Республикасының Сакария университетінде Мевлана академиялық кадрларды даярлауда тәжірибе алмасу бағдарламасына қатысты. (Қосымша №5)</p> <p>"Мевлана" академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ПМНО-18-1м оқу тобының магистранты Елубай Айгүл Сакария университетінде білім алды. (Қосымша №6)</p>				
Стандарт 3						
3	<p>Жетілдіру бағыттары: "6M010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" мамандығы бойынша ББ көптілді оқыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға кірісу, бұл өз кезегінде шет тілін білуді жақсартады.</p>	<p>2020 жылдың қазан айында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Қауымдастырылған серіктестердің ғаламдық желісіне (ETS Global Preferred Associate Network) мүшелікке енді және келесі сертификаттарды ала отырып, аймақтағы ресми аккредиттелген тест орталығы құрылды: TOEFL ITP Test/ TOEFL Junior Standard Test/ TOEFL primary Test/ TOEIC Bridge™/TOEIC® Listening & Reading Test/ TOEIC® Speaking & Writing Test/WiDaF Test. TOEFL халықаралық емтихандары академиялық бағытта шетел тілін білу деңгейін анықтайтын әлемдік көрсеткіш болып саналады және Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігіне (CEFR) сәйкес келеді. Орталықтың мақсаты барлық ниет білдірушілерге шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін TOEFL форматындағы халықаралық тестілеуден өту арқылы ағылшын тіліндегі халықаралық білім беру</p>	Жыл бойы	Кафедра меңгерушісі, халықаралық байланыстар бөлім, ЖОО кейінгі білім бөлімі		

		бағдарламаларына қатысу үшін өзінің ағылшын тілі деңгейін ресми растауға мүмкіндік беру болып табылады. «6M010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқитын білім алушылар университет тарапынан ұйымдастырылатын ағылшын тілі курстарына қатысады. Сондай-ақ, магистранттар ағылшын тілін қаланың оқу орталықтары ұсынатын ақылы курстарда (Speak English, Poliglot, U - study) оқиды.				
Стандарт 4						
4	Ескерту жоқ	<p>Білім алушылардың оқу нәтижелерін талдауда күзиретті тәсіл қолданылады. Білім беру бағдарламалары оқу процесінде алынған күзиреттер тізімімен таныс. Кафедра түлектердің кәсіби мансабын үнемі қадағалап отырады, оларға оқу-әдістемелік қолдау көрсетеді (сабақтарды өткізу және оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттерді пайдалану бойынша кеңестер).</p> <p>Университетте Рекрутинг орталығы ашылды, ол кафедраның профессор-оқытушы құрамымен бірге кәсіптік бағдар беру жұмыстарына белсенді қатысады.</p> <p>2018-2019 оқу жылында магистратураға түсуші үміткерлер саны-19, 2019-2020 оқу жылында-7, ал 2020-2021 оқу жылында 15-ке жетті. Кәсіптік бағдар беру жұмыстары жыл сайын қарқынды жүргізіледі. Университетте аралық және қорытынды бақылауды, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулықтар әзірленіп, бекітілді. Оқу сабақтарын сапалы өткізу мақсатында Platonus ақпараттық жүйесінде</p>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

		<p>"Тапсырмалар" және "Онлайн Прокторинг жүйесі" лицензиялық модульдері сатып алынды.</p> <p>Жыл сайын университетте сауалнама, университет түлектерінің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі туралы жұмыс берушілерден сауалнама жүргізіледі. Сауалнамаға қаланың түрлі ұйымдары мен кәсіпорындарының 151 басшысы қатысты. Респонденттерге сауалнама жүргізу нәтижелері мынаны көрсетті:</p> <p>Түлектердің дайындық деңгейі:</p> <p>Респонденттердің 61% - ы өте жақсы баға берді;</p> <p>Респонденттердің 39% - ы жақсы баға берді,</p> <p>Сонымен қатар түлектердің кәсіби қабілеттері мен дағдылары бағаланды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби деңгейді арттыру-4,8;% - кәсіби жауапкершілік-4,7% - компьютерде жұмыс істеу дағдылары -4,5;% - коммуникативтілік-4,5% - жаңа технологияларды пайдалану -4,2% - сала ерекшелігін білу -4,1% - шет тілдерін білуі -3,9;% <p>Мамандардың қажеттілігі түлектердің жұмысқа орналасуымен расталады, ол 2018 жылдан бастап 2020 жылға дейін 85% - дан 92% - ға дейін өсті (ҚР "Білім туралы" Заңының 47-бабының 17-2-тармағынан босатылған адамдардың санатын ескере отырып). Бұл университеттегі білім беру сапасының деңгейі мен түлектердің меңгеру дағдыларының қалыптасуының көрсеткіші болып табылады.</p>				
Стандарт 5						
5	Жетілдіру бағыттары:- білім беру бағдарламасы	1.Білім беру бағдарламасын бітірген ғылым магистрлерін жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс	Жыл бойы	Халықаралық байланыстар және		

<p>бойынша бітіруші ғылым магистрлерін жұмысқа орналастыру мақсатында шаралар ұйымдастыру; -білім беру бағдарламаларын іске асыруға басқа университеттердің докторларын, ғылым кандидаттарын, PhD докторларын, оның ішінде шетелдік университеттерді тарту жүйесін жетілдіру.</p>	<p>берушілер түлектермен кездесуге шақырылады, «Ашық есік күндері» және «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өткізілді (хаттама №6 06.06.2017 ж.). Кафедра түлектердің кәсіби мансабын үнемі қадағалап отырады, оларға оқу-әдістемелік қолдау көрсетеді (сабақ өткізу және оқу, әдістемелік, ғылыми әдебиеттерді қолдану бойынша кеңестер).</p> <p>2. - Білім беру бағдарламаларын іске асыруға басқа университеттердің докторларын, ғылым кандидаттарын, PhD докторларын, оның ішінде шетелдік университеттерді тарту жүйесін жетілдіру бойынша Орынбор қаласындағы Орынбор мемлекеттік университетімен ғылым саласында кафедра ынтымақтастық орнатқан. Аталмыш университеттің «Жалпы және кәсіби педагогика» кафедрасының п.ғ.д., профессор Каргапольцева Наталья Александровна 6D010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы докторанттарының докторлық диссертациялық жұмыстарына ғылыми кеңесшісі болып бекітілген.</p> <p>2020 жылдың 9-маусымында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде "Педагогика және оқыту әдістемесі" кафедрасының бастамасымен ұйымдастырылған «Цифрлық қоғам – цифрлық білім беру: проблемалары, тәжірибелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференцияның пленарлық мәжілісі болып өтті.</p> <p>Пленарлық мәжілісте Хортицк ұлттық оқу-реабилитациялық академиясының (Запорожье қ., Украина) педагогика және әдістемелер кафедрасының профессоры, п.ғ.д. В.В. Борисов, РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және</p>		<p>ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі</p>		
---	--	--	--	--	--

		<p>мемлекеттік істер академиясының корпоративтік басқару жоғары мектебінің іскерлік әкімшілендіру докторы В.Д. Киселев, Казан ұлттық зерттеу технологиялық университетінің (Казань, РФ) инженерлік педагогика және психология кафедрасының профессоры, п.ғ.д. П.Н. Осипов, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, п.ғ.д. К.Ж. Аганина, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Ш.М. Майгельдиева, педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, п.ғ.к. М.К. Жайлауова баяндама жасады. Ғалымдар қоғамдағы, білім берудегі цифрландыру үдерісінің маңызын талқылап, өзекті мәселелерді қозғады. «Цифрлық қоғам – цифрлық білім беру: проблемалары, тәжірибелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференцияға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.д. П. Б. Сейітқазы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, п.ғ.д. Г.Г. Еркибаева, Н.И. Ульянов атындағы Ульяновск мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к. Э.Р. Гайнеев, Орынбор мемлекеттік университетінің профессоры, п.ғ.д. Н.А. Каргопольцеваның аспиранттары, РФ Президенті жақ нындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік істер академиясының корпоративтік басқару жоғары мектебінің іскерлік әкімшілендіру докторы В.Д. Киселевтің студенттері өз баяндамаларын ұсынды.</p>				
--	--	---	--	--	--	--


Стандарт 6


6	<p>Ескерту: -заманауи материалдық техникалық базамен жаңарту қажет; -кітапханалық және ақпараттық ресурстарды толықтыру қажет</p>	<p>1.Білім беру бағдарламасы бойынша кабинеттер мен зертханалардың заманауи жабдықтармен жарактандырылған оқу-зертханалық кабинеттер (IT технологиялар) деңгейі, кафедра бейіні бойынша мамандар даярлау мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес. Кафедра №7 ғимараттың 4-қабатында орналасқан. Оқу дәрісханалары мен зертханалардың, музыкалық аспаптар бойынша жеке сабақ өтетін дәрісханалардың жалпы ауданы 1206 м². Оқу силлабустеріне сәйкес қажетті зертханалар мен дәрісханалар оқытудың техникалық жүйесімен қамтамасыз етілген. Оқу кабинеттерінде педагогикалық, өндірістік практика кезінде студенттер жасаған түрлі дидактикалық құралдар, оқу бағдарламаларын орындауға қажетті оқытудың техникалық жүйесі бар компьютерлермен қамтамасыз етілген. Кафедраға қарасты 2-мультимедиялық кабинет, 1-музыкалық аспаптармен жабдықталған кабинет бар. Сонымен бірге аудио-видео материалдарының бірсыпыра қоры жиналып, олар сабақта жиі қолданылады. 2020 жылдың 16 наурызынан бастап елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты оқу процесі толығымен қашықтықтан оқыту технологиясына көшті. Осыған сәйкес осы технологияның көмегімен «Ғылым мен бастауыш білімнің өзекті мәселелері», «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау», «Бастауыш білім беру мазмұны және оқыту технологиясын жасаудың ғылыми-теориялық негіздері», «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы және әдістемесі», «Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім сапасын</p>	әрдайым	<p>Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі</p>		
---	---	---	---------	---	--	--

		<p>бағалау жүйесін жобалау», «Педагогикалық пәндерді оқыту теориясы мен технологиясы», «Жоғары оқу орны оқытушысының инновациялық іс-әрекеті», «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру», «Ғылыми эксперимент жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру әдістемесі», т.б. пәндер қашықтықтан оқытылады. 2020 жылдың тамызынан желтоқсанына дейін 7 бейне дәрістер түсіріліп, монтаждалды, олар университет серверіне орналастырылды.</p> <p>2. Білім беру бағдарламасы бойынша кітапханалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету бағытында жаңартылған білім мазмұны негізінде 1-4 сыныптар бойынша оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешенімен - оқулықтар, мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптерлерімен толық қамтамасыз етуді ұйымдастырылды. «Оқулықтар лабораториясын» жабдықтау қолға алынды. Жыл сайын кітапхананың кітапхана қоры толықтырылып отырады, соңғы жылда, мысалы айтатын болсақ: 1.Жұмабекова Ф.Н. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері [Мәтін]: Оқу құралы / Ф.Н. Жұмабекова, Н.М. Нұрғазиева.- Алматы: "Отан" баспасы, 2017.- 160 б.- 5 экз. 2.Битэм Э. Переосмысление педагогики для цифровой эпохи. Дизайн обучения XXI века. Учебник / Э. Битэм, Р. Шарп.- 2-е изд.- Нур-Султан: Общественный фонд "Ұлттық аударма бюросы", 2019.- 352 с.- (Серия "Рухани жаңғыру"). -30 экз.к.№6, 15 экз.НТБ, 15 экз.к.№5, 30 экз. 3.Қарсыбаева Р.Қ. Педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының</p>				
--	--	--	--	--	--	--

		шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру [Мәтін]: Монография / Р.Қ. Қарсыбаева.- Алматы: "Отан" баспасы, 2016.- 150 б. 8 экз.к.№6; 2 экз. 4.Асанов, Ж. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері [Мәтін]: Оқу құралы / Ж. Асанов, Н. Әбдіхалықов.- Астана: Фолиант, 2015.- 120б.-20 экз. 5.Кенжеғалиев, Қ. Педагогикалық зерттеулерде математикалық статистика әдістерін қолдану [Мәтін]: Оқу құралы / Қ. Кенжеғалиев.- Астана: Фолиант, 2015.- 168 б.-7 экз. к.6, 5 экз. НТБ, 8 экз. 6.Мынбаева А.К. Основы научно-педагогических исследований. Учебное пособие / А.К. Мынбаева.- Алматы: Қазақ университеті,2013.- 220 с.-1экз.				
Стандарт 7						
7	Ескерту жоқ	Қорқыт Ата атындағы ҚУ ресми сайты ақпараты жүйелі түрде жаңартылып отырады, респонденттермен кері байланыс орнатылған. 2020-2021 оқу жылында білім алушылардың, ата-аналар мен қызметкерлердің сұрақтарына уақтылы жауап беру мақсатында "Call-орталық"кұрылды. Сайтта кафедраның білім беру қызметі жайлы, 6М010200 (7М01303)- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ, білім беру қызметін жүзеге асыратын ПОҚ жайлы ақпараттар бар. Сайттағы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ақпарат шетелдік оқу орындарымен байланысты дамытуға мүмкіндік береді.Білім алушыларды жаңалықтармен және оқу үрдісімен уақтылы ақпараттандыру үшін электрондық пошта, Facebook, Whatsapp, Инстаграм әлеуметтік желілері қолданылады. 6М010200 (7М01303)Бастауыш оқыту	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, халықаралық байланыстар бөлім, ЖОО кейінгі білім бөлімі		

	<p>педагогикасы мен әдістемесі» БББ бойынша қашықтан оқыту формасын қолдану аясы кеңеюде. Информалды білім беру (білім беру онлайн-ресурстары, виртуалды оқу залдары, электронды кітапхана, мобильді қосымшалар және т.б.) қызметінің түрлері дамып келеді.</p>				
--	---	--	--	--	--

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор:  А.Т. Жунисов

Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі м.а.:  Ж.А.Абилхаирова